

Адам құқығы



Орындаған: Абдрахманова Назия
Тексерген: Қабылбаев Даурен

Адам құқығы Адам және азамат құқығын қарастыру алдында "адам", "жеке адам", "азамат" санаттарының арақатынасын білу маңызды. "Адам" ұғымы табиғи тұрпатта сипатталады, яғни арнайы физиологиялық қасиеттерді бойына сіңірген тіршілік әлемінің өкілі ретінде. "Жеке адам" ұғымы адамды әлеуметтік тұрғыда сипаттайды, яғни қоғамда өзінің рөлі мен орнын және оның алдындағы жауапкершілігін сезінуі



Адам құқығы — адамның мүддесін қанағаттандыруға бағытталған, заңмен қорғалатын демократиялық құндылық. Адам құқығына мынадай белгілер тән:



олар қоғамда өмір жағдайының үнемі өзгеріп отыруына байланысты, адамның табиғи және әлеуметтік мәнділігі негізінде туындайды және дамиды;

объективті түрде қалыптасады және мемлекеттің мойындауына тәуелді емес;

туғанынан беріледі;

табиғи (су, жер, ауа, т.б. сияқты) қажеттілік болып табылады, ажыратылмас сипатта болады;

тікелей әрекетті болып табылады;

ең жоғары әлеуметтік құндылық болып танылады;

құқықтың қажетті бөлігі ретінде адамның өмір сүруінің нақты бір түрпатын білдіреді;

жеке адамның өз қалауынша әрекет жасауына мүмкіндік жасайтын, сейтіп нақты бір игіліктер алуын қамтамасыз ететін адамдар мен мемлекеттің арасындағы қарым-қатынастарды тұжырымдайтын қағидаттар мен нормаларды білдіреді;

Адамның өмір сүруі мен лайықты өмір кешу құқығын жүзеге асыру үшін оның дүниеге келуі ғана жеткілікті. Ал басқаша құқықтарын жүзеге асыру үшін адамда азамат, жеке адам қасиеттері болуы шарт. Адамның құқы мен бостандығы табиғи және ажыратылмас болып табылады, туғаннан бастап беріледі және жоғары құндылық болып табылады. Мемлекеттің міндеті — адам құқықтарын сақтау, қорғау және мойындау. Мемлекет өзінің азаматтарына жеке адамның қажеттілігіне сәйкес келетін құқық пен бостандықтарды (өмірінің қауіпсіздігі, адамның бостандығы мен ар ожданы,



Адам құқығы мен азамат құқығының
арасында ерекшеліктер

Адам құқығы мен азамат құқығының арасында
ерекшеліктер бар. Біріншіден, адам құқығы
мемлекеттік мойындаудан және заңдық
бекітулерден оның кандай да бір мемлекетке
қатынасына қарамай тәуелсіз өмір сүреді.

Азаматтың құқығы өмір сүріп жатқан
мемлекеттің қорғалуында болады. Екіншіден
— әлемде көптеген адамдардың азаматтық
мәртебесі (азаматтығы жоқ тұлғалар) жоқ, яғни
олар формалді түрде адам құқығының иегері
болып табылады, бірақ азаматтық құқығы жоқ.